3 Жүректі жүректілер емдейді

4 Бірлестіктің бір белесі

10 желтоқсан, сейсенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№190 (20864)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

«ДӘЛ ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР» ҚАҒИДАСЫ ӨМІРШЕҢ

Экономика инвестициясыз алға баспайды. Инвестор қолындағы капиталын ең алдымен пайда табу үшін белгілі бір жобаға құятыны белгілі. Қыруар қаржыны қалтасынан шығармас бұрын жеті өлшеп, бір кесетіні де анық. Инвестиция қандай елге келеді? Күшті экономикасы, халықаралық қоғамдастықта лайықты орны бар, уәдесіне берік, шетел инвесторларына тиісті жағдай жасайтын, қаржының қайтарымына кепілдік бере алатын, ең бастысы тұрақты, заң үстемдігі орнаған мемлекетке келеді. Тәуелсіздік жылдарында әлем, әсіресе Еуроодақ елдері, АҚШ Қазақстан экономикасына миллиардтаған доллар инвестиция салды.

КАТАР ҚЫЗЫЛОРДАҒА БУ-ГАЗ СТАНЦИЯСЫН САЛАДЫ

Әлемдегі геосаяси жағдай инвестициялық ахуалды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеуді талап етеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында «Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты. Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс» деді.

Мақсатты жолда атқарылған жұмыстардың Қызылорда облысының экономикасына тигізген оң ықпалы қандай?

Өткен бір аптаның бедеріндегі сапарлар мен ондағы қол жеткен келісімдер төңірегінде айтар болсақ, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Катарда «Power International Holding» компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят және Рамез Әл-Хаятпен кездесу барысында еліміздің энергетика, телекоммуникация салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысын қарастырды. Компания осы уақытта біздің облыста бу-газ қондырғыларын салу және облысаралық электр желілерін тарту жобалары бойынша келіссөз жүргізілуде.

Жыл басында, дәлірек айтқанда, ақпанның 13-14-і күндері Мемлекет басшысының Катарға мемлекеттік сапары кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен «Power International Holding» арасында энергетика және газ саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімдерге қол қойылды.

Қызылорда облысына қуаттылығы 1100 мегаваттық жаңа бу-газ қондырғыларын салу туралы бастама сол жолы келісімге енгізілді. Қазір «Самұрық Энерго» АҚ Катар инвесторларымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуде. Жаңа бу-газ қондырғылары Қызылорда қаласынан Ұлытау облысына шығаберіс аумақта салынады. Оған әкімдік 280 гектар жер бөлді. Осы жоба аясында «Қызылорда-Жезқазған» және «Қызылорда-Шымкент» жоғары қуатты электр желілері жүргізіледі.

Қондырғылар арқылы облыс электр энергиясымен түгел қамтылып, орталық және оңтүстік өңірлерге де жіберіледі. Станцияны 2029 жылы толығымен іске қосу жоспарланған.

Салыстырмалы түрде айтсақ, өңірдегі ең ірі жобалардың бірі – құны 42,1 млрд теңге тұратын шыны зауыты болса, бұл 800 млрд теңгеге жуық қаржыны қажет ететін өте ауқымды жоба екенін ерекше атап өтуіміз қажет.

АРНАНЫ КЕҢЕЙТКЕН КЕЛІСІМДЕР

Өткен аптадағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Катар сапары, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Италия, Испания және Түркияға жұмыс сапары кезінде қол жеткен келісімдер, сөз жоқ, Сыр өңіріне инвестиция тарту бағытының арнасын кеңейтті.

Аймақ басшысы бастаған делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс компаниялардың басшылары, кәсіпкерлер болды. Агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту үшін Италияның ауыл шаруашылығы өнімдерін, машина жасау, баламалы энергия көздері салаларындағы мол тәжірибесі ескерілді.

Рим қаласында «Confindustria» ассоциациясының вице-президенті Витторио Майоранамен жүздесуде өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс істеу жайы талқыланды.

Ашық дереккөздегі мәліметтерге сүйенсек, италиялық өнеркәсіпшілер ассоциациясы өткен ғасырдың 20-жылдары құрылған. Құрамына 150 мыңдай кәсіпорын біріккен.

– Біз «Confindustria»-ның тарихы бір ғасырдан асатынын біледі. Кеңею, Қазақстанға орналасу, жаңа нарыққа шығу бағытындағы компаниялар болса, бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, құрылыс материалдарын, мұнай өндірісіне қажетті тауарлар шығару, жылыжай салу, машина жасау, тері және жүн өңдеу сияқты салаларда бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз.

Серіктес қажет болған жағдайда аймақта кәсіпкерлер бар. Таныстырып, іс бастауға қолдан келгенше көмек көрсетеміз. Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беріп, Қазақстандағы даму институттарынан қаржылай көмек алу үшін құжат әзірлеуді сүйемелдеуге дайынбыз. Сондай-ақ «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жобаларға қаржылай көмек көрсетуге мүмкіндігіміз бар, – деді.

Аймақ басшысы тұтынушыларына клиникалық диагностика мен медициналық құрылғыларға арналған жоғары сапалы өнімдер ұсынатын «SGM Italia» компаниясының басшысымен іскерлік кездесуде инвестициялық бағытты айқындады. Ол бағыт – Қызылорда облысында биохимиялық ерітінділер мен реагенттердің жергілікті өндірісін ашу.

Облыста биохимиялық ерітінділер және реагенттермен жұмыс істейтін бірнеше ірі зертхана, атап айтқанда, «Олимп» зертханасының 18, «Invivo» зертханасының 20 филиалы бар. Олар клиникалық диагностикамен белсенді айналысады және жоғары сапалы реагенттерді қажет етеді.

«Sace» экспорттық-кредиттік агенттігінің президенті Филипо Джансатемен кездесуде ауыл шаруашылығы, тері, жүн өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, мұнайға қажетті тауарлар, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, су ресурстары және көлік-логистика салаларындағы бірқатар тартымды жобалар ұсынылды.

2-бет

СЕССИЯ

ЖЕТІСТІК АЛДАҒЫ МІНДЕТТІ ЕСЕЛЕЙ БЕРЕДІ

Кеше облыстық мәслихаттың кезекті XVIII сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, басқарма және департамент басшылары, депутаттар, өзге де жауапты сала жетекшілері қатысты. Күн тәртібінде 12 мәселе қаралды.

Облыс әкімі аймақта биыл жүзеге асқан жұмыстар мен алдағы мақсат-міндеттер жөнінде баяндады. Сөз басында облыстың барша тұрғындарын тәуелсіздік күнімен құттықтап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Сыр өңіріне ерекше қолдау көрсетіп келеді. Нәтижесінде облысымыз қарқынды даму үстінде. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Өңіріміз барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада 1-орында тұр. Биылғы жылдың 11 ай қорытындысымен өнеркәсіп өндірісі – 0,8, өңдеу өнеркәсібі – 20,6, ауыл шаруашылығы – 3, тұрғын үй – 15,3, көлік – 3,3, сауда – 6,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 57,5 пайызға артты. Негізгі капиталға 559 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 20,6 пайызды құрады. Айта кету қажет, біз аймаққа шетел инвестициясын, озық технологияларды тарту жұмыстарын белсенді жүргізудеміз. Өткен аптада ғана өңірдің бизнес өкілдерімен бірлесіп, Италия, Испания елдеріне барып келдік, – деді облыс әкімі.

Алдағы уақытта инвестиция тарту одан әрі жалғасады. Биыл 189 мың 449 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, егін мерзімінде толық жиналды. Оның ішінде күріш 85 мыңнан астам гектарды құрайды. Сондай-ақ халықтың әл-ауқатын көтеру, өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында нақты шаралар қабылдануда. Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамту бағытында ілкімді істер бар. 2022 жылдан бастап облыста жалпы құны 16 млрд 800 млн теңгені құрайтын 55 жоба жүзеге асты. Нәтижесінде халықты орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету деңгейі 98,6 пайызға жетті. Биыл өңірде жаңа 13 жобаға 5 млрд 300 млн теңге бөлінді. 2025 жылы жергілікті тұрғындар ауызсумен толықтай қамтамасыз етіледі. Ал тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында құны 11 млрд теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі 62 пайызға төмендейді.

– Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы салынуда. Осы мақсатта инвестор – «Aksa Energy» түрік компаниясы жылу орталығының құрылысына 127 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Айта кетсек, аталған жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдессіз жобаның бірі. Аймақ үшін айрықша маңызға ие нысанды келер жылы ел игілігіне табыстайтын боламыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда облысында құны 800 млрд теңгені құрайтын қуаттылығы 1100 МВт-тық жаңа бу-газ қондырғыларының құрылысы жоспарлануда. Ол үшін «Самұрық Энерго» компаниясы тарапынан Катар елінің инвесторымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуде. Жаңа бу-газ қондырғылары Қызылорда қаласының Ұлытау облысына шығаберіс аумақта салынады. Бұл жұмыстарға әкімдік тарапынан 280 гектар жер аумағы бөлінді. Станцияны 2029 жылы толығымен іске қосу жоспарлануда. Президент қолдауымен бүгінде Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Жоба құны – 26 млрд 200 млн теңге. Келесі жылу беру маусымында қала толық ыстық сумен қамтылады. Ал өңір тұрғындарының газбен қамту көрсеткіші 75 пайызды құрайды. Биыл газдандыру жобаларына 30 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 330 шақырым газ желілері салынуда. Осы жобалардың арқасында биыл өңіріміздің 78 пайызға газбен қамтимыз. Алдағы жылы 10-нан астам елді мекен «көгілдір отынға» қосылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі кейінгі екі жылда 87,5 пайызға жетті. Аймақтағы жол құрылысын дамытуға биыл 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан аса жол жөндеуден өтуде. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады. Екі жыл бұрын басталған «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының биыл 140 шақырымына қайта жаңғырту аяқталды. Жоба 2025 жылы толық пайдалануға беріледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды бірінші санатқа ауыстыру мәселесі бойынша «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы тарапынан жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Облыс орталығындағы бірқатар негізгі көшелер төртжолақты болып кеңейтілді. Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы салынуда. Оған қоса Арал қаласы мен Жаңақорған кентінде теміржол үстінен өтетін аспалы көпір құрылысы жүргізілуде. Мұндай көпір құрылысы алдағы уақытта Қармақшы ауданы Жосалы кентінде басталады. Өткен айда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің қатысуымен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салтанатты түрде ашылды. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынды. Облыс орталығына 300 жаңа автобус алынып, қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешілді. Сондай-ақ 1 млрд теңгеге 100 экотакси алынды.

3-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

ХАЛЫҚ ПЕЙІЛІМЕН ҚАНАТТАНҒАН АҚЫН

Ел тәуелсіздігі күні қарсаңында «AMANAT» партиясының қолдауымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырумен өткен «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы жылдың үздік ақынын анықтады.

4-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-на ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге

Валюта бағамы: $ 514,65 kzt | € 544,60 kzt | ₽ 5,17 kzt

Ауа райы: -3⁰ -5⁰ | -1⁰ -3⁰

«ДӘЛ ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР» ҚАҒИДАСЫ ӨМІРШЕҢ

Бұдан бұрын, яғни 29 қазан күні Қазақстан мен Италияның ынтымақтастық жөніндегі 9-жұмыс тобының отырысында «Қазақстанның Даму банкі» АҚ мен «Cassa Depositi e Prestiti (CDP)» италиялық ұлттық даму институты 200 млн еуро сомасына кредиттік келісімге қол қойды. Қаржыландыру Италияның «Sace» экспорттық-кредиттік агенттігінің кепілдігімен жүзеге асырылады.

Бұл – CDP-нің Қазақстандағы алғашқы мәмілесі. Қаражат елдің тұрақты дамуына ықпал ететін экономиканың негізгі секторларын дамытуға бағытталмақ. Жаңартылатын энергетика, энергия тиімділігі, көлік, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау инфрақұрылымы сияқты басым бағыттарға ерекше назар аударылады. Аталған келісім – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылдың қаңтар айында Италияға ресми сапары барысында көтерілген экономикалық бастамалардың қисынды жалғасы.

«Ansaldo Energe» компаниясының басшысы Фабрицио Фаббримен кездесуде де өңірдегі энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар талқыланды.

Делегацияның Италиядағы сапары Флоренция қаласындағы тері өндейтін өнеркәсіп қауымдастығында жалғасты. Санта-Кроче-суль-Арно ауданындағы зауыттар негізінен аяққиім тігуге арналған былғары өңдеумен, киім, жиһаз және басқа да өндіріспен айналысады. Өз өнімдерін әлемнің 122-ден астам еліне экспорттайды. Ауданда тері өндірісінің шамамен 35%-ы және аяққиім өндірісінің 98%-ы шоғырланған. Былғары өндірісі тізбегінде 600-ге жуық кәсіпорын бар, оларда 8000-нан астам адам жұмыс істейді.

Облыс әкімі «Aldo Gliozzi» қауымдастығының басшысы Эцио Кастелланимен мал терісін экспорттау және аймақта былғары өңдеу өндірісін дамыту бағытында келіссөздер жүргізді. Елімізде де, өңірде де мал басының жыл сайын артуы тері және күн өңдейтін кәсіпорындар желісін дамыту керектігін күн тәртібіне шығаруда. Өңірде негізінен ет бағытындағы, ірі қылшықты жүнді және қаракөл қой тұқымдары аудандастырылған.

Аймақ басшысы облыс тұрғындары атакәсіпті өркендету ісіне бейім болғандықтан, шикізатқа қажетті өнімдер жеткілікті екенін атап өтті. Мәселен, өткен жылы 848,6 тонна жүн және 215,1 мың дана тері өндірілген. «Бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз. Серіктес қажет болған жағдайда, өз салаларында жетістікке жеткен кәсіпкерлер сіздермен келіссөздер жүргізуге, тәжірибе алмасуға арнайы іссапармен келді. Жаңа жобаларды орналастыру үшін дайын инфрақұрылымы мен 300 гектардан астам жер учаскесі бар 6 индустриялық аймақ жұмыс жасайды, – деді Н.Нәлібаев.

Кастеллани мырза екіжақты әріптестікке қолдау білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік қарастырылатынын айтты.

Делегация құрамында болған қызылордалық «Абзал және К» толық серіктестігінің өкілі Сағидолла Сыздыков Милан қаласында жетекші агроөнеркәсіптік компания өкілдерімен маңызды кездесу өткізіп, «Poluzzi Track System Engineering» компаниясымен келісімге қол қойды. Серіктестік өкілінің айтуынша, бұл – аграрлық секторға жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуге, сондай-ақ өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған маңызды қадам.

Ал «Ravaro» компаниясымен жасалған ағынды астық кептіргішті жеткізу туралы келісім жұмыс тиімділігін арттыруға септігін тигізбек. Астық кептіргіш өнім сапасын жақсартуға және сақтау кезіндегі шығындарды азайтуға көмектеседі. Осы жолы «Абзал және К» толық серіктестігі италиялық ірі күріш компанияларының бірі – «Omodei Zorini»-мен өзара ынтымақтастық туралы келісімге келді. Бұл серіктестік өңірде күріш шаруашылығын дамытудың, инновациялық технологияларды енгізудің және өнім сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

ИСПАН КОМПАНИЯЛАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Сыр өңірі делегациясының жұмыс сапары Испанияда жалғасып, облыс әкімі жауапты сала басшылары, кәсіпкерлермен бірге инвесторлармен келіссөздер жүргізді. Алдымен сәулет, құрылыс, интерьерге, жұынатын бөлмеге арналған өнімдерді өндіруге және сатуға маманданған компаниялардың өкілдерімен кездесті.

Бетонды гидрооқшаулауға арналған қоспалар мен ерітінділер өндіру және сатумен айналысатын CEO «Krystaline Technology S.A.» компаниясының директоры Хорхе Компани елімізде инновациялық қоспалар өндіруге қызығушылық танытты. Сонымен қатар, делегация «DLQ International Consulting, S.L.» компаниясының президенті Рафаэль де ла Куадро, «Groinn» компаниясының Испания бойынша директоры Хавьер Бланкомен де келіссөздер жүргізді.

«DLQ International Consulting, S.L.» компаниясы біздің елімізде былғары индустриясын зерттеудің техника-экономикалық негіздемесін дайындап, 1 қазанда Испанияның Сауда хатшылығына 1 млн еуро көлемінде грант алуға құжат тапсырды. Сол айда ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевпен бейнебайланыс өткізілген. Қазақстандық тарап осы жобаға қызығушылық танытуда.

Ал «Groinn» компаниясы ауыл және орман шаруашылығын басқаруды оңтайландыру үшін жасанды интеллект пен озық датчиктерді біріктіретін технологиялық құрылғыларды әзірлеуде. Компания өз жобасын елімізге инвестициялауға және серіктес іздеуге ниет білдірді.

Облыс әкімі әріптестікке, ынтымақтастықты нығайтуға қызығушылық танытқан кәсіпорын басшыларына алғысын жеткізіп, өңірдің басты артықшылықтары – көлік-логистикалық әлеуеті, минералдық-шикізат ресурстарының бай қоры, жоғары деңгейдегі инфрақұрылымы, агроөнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері туралы мәлімет берді.

– Аймақта қазақстандық күріш пен тұздың 90%-дан астамы өндіріледі. Біз ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етеміз, сондай-ақ өнімді алыс және жақын шетелдерге белсенді түрде экспорттаймыз. Сондай-ақ балық шаруашылығы – басым сала. Өңірде Арал теңізі және 200-ден астам көл бар.

Мал шаруашылығы жақсы дамыған. Шикізат өңдейтін жобаларды іске асыруға қор жеткілікті. Өңірдің тәжірибелі кәсіпкерлері серіктес болу үшін келіссөздер жүргізуге, тәжірибе

1-бет

алмасуға арнайы іссапармен келді. Сіздерді де Қызылорда облысына арнайы іссапармен келуге шақырамыз!– деді Н.Нәлібаев.

Нұрлыбек Машбекұлы Барселона қаласында өткен «Glovo» компаниясының халықаралық байланыстар жөніндегі директоры Вильям Бентхоллмен кездесуде курьерлік қызмет саласында бірлесіп жұмыс жасау ниетін білдірді.

Барселонада 2015 жылы құрылған испандық стартап әлемнің 20-дан астам еліне қанат жайған. Бұл – мобильді қосымша арқылы тапсырыс берілген өнімді сатып алып, арнайы термосумкаға салып жеткізетін курер қызметі.

Бүгінде уақыт адамға ең жетіспейтін күндылықтар қатарына енді. Сондықтан сұраныс курьерлік қызметтің қарқынды дамуына жол ашты.

– «Glovo» компаниясының қызмет сапасы біз үшін өте қолайлы. Қазақстан нарығында 5 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейтін бұл компания еліміздің 14 ірі қаласында шоғырланған. Қызылордада халықтың 50%-ы сіздің компанияны таңдайды.

Қызылорда облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан. Әріптестік пен инвестициялар үшін өте қолайлы, қарқынды даму сатысындағы өңір. Көлік-логистикалық әлеуеті, инфрақұрылым желілері дамыған. Минералдық-шикізат ресурстарының қоры бай, агроөнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері зор.

«Glovo» сияқты беделді серіктеспен жұмыс жасау жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз Қызылорда облысында бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасауға дайынбыз, – деді облыс әкімі кездесу кезінде.

Осы сапарда «Salinera Espanola» тұз өндіретін компания өкілімен онлайн кездесу өтті. Қазақстандық тұздың 90%-ы Қызылорда облысында өндірілетіні белгілі. Арал ауданындағы тұз өндірісінің тарихы бір ғасырға жуықтаған. «Аралтұз» республикадағы тұз қазу мен оны өңдеу бойынша ең ірі кәсіпорын саналады. Оған қоса, өңірде «Алтын орда» тұз өндіруші серіктестігі бар. Испандық тұз өндіруші компания өкіліне осындай деректер ұсынылып, әріптестік орнатудың артықшылықтары түсіндірілді.

«Абзал және К» ТС үшін Испания сапары да жемісті болды. Бұл елде серіктестік өкілі «Gro in Desarrollos» ауыл шаруашылығын цифрландыру қондырғыларын шығаратын компаниямен меморандумға қол қойды.

«Ansaldo Energe» компаниясының басшысы Фабрицио Фаббримен кездесуде де өңірдегі энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар талқыланды.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы Түркияда «Arbel Group» компаниясының басқарма төрағасы Хусейн Арслан мырзамен кездесті. Онда аймақтың күріш өндіру саласындағы мүмкіндіктері мен жаңа жобалар жайы талқыланды. Облыстың күріш өндіруші, халықаралық нарықта табысқа ие ірі компаниялары, олардың жетекшілерінің бірлесе жұмыс істеуге бейілдігі туралы айтты.

БАСТАМАНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Мұнай қорының сарқылуы салдарынан он жыл бойы төмендеуден көз ашпаған өнеркәсіп өндірісінің кейінгі бір жылда оң динамикаға шыққаны инвестиция тарту саласындағы жұмысқа соны серпін берді. Деректерге сүйенсек, 2022 жылы Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны бойынша 11-орында, яғни артта қалған өңірлердің бірі еді. Өткен жылдан бері қалыптасқан өсім өңірді алдыңғы қатарға шығарып, барлық бастамаға алғышарт болды. Оның ең басында, әрине, инвестиция тарту тұр, бұл – Мемлекет басшысының тапсырмасы әрі уақыттың да талабы.

Кейінгі үш жылдың көрсеткіштеріне қарасақ, облыста 30 млрд теңгенің 35 инвестициялық жобасы іске қосылды. Негізі жыл басында жоспарланған 517,5 млрд теңге меженің 478,3 млрд теңгесіне 10 айда қол жеткен. Өңірге бекітілген индикатор екі жыл қатарынан артығымен орындалып келеді. Тарқатып айтсақ, 2022 жылы 373,5 млрд теңге инвестиция тарту индикаторы белгіленген еді. Жоспар 10,6%-ға артығымен орындалып, 413,3 млрд теңгеге жетті. Ал өткен жылға бекітілген 424,2 млрд теңге индикатор 21%-ға асыра орындалып, 513,7 млрд теңге инвестиция тартылды. Қызылорда көрсеткіштің өсу қарқыны, жоспарлы көрсеткіштің орындалуы бойынша өңірлер арасында I орынға шықты.

Өңірдің өнеркәсіп саласына шыны зауыты арқылы 42 млрд теңге инвестиция келген. Зауыт іске қосылғаннан бері 37,1 млрд теңгенің 28,7 млн шаршы метр шынысын өндіріп, оның 70%-ы ішкі нарыққа, 30%-ы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузия және Ресейге экспортқа жіберілді. Бүгінде онда 400-ге жуық адам жұмыс істейді.

Аймаққа инвестиция тарту, өндірістік кооперацияны дамыту, жаңа жобаларды іске асыру үшін шетелдік компания басшыларының, дипломатия өкілдерінің облысқа жұмыс сапарлары, кездесулер ұдайы ұйымдастырылады. Осы орайда биылғы сәуір айында Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері және Сыртқы істер министрлігінің өкілдері Қызылордаға жұмыс сапарымен келгенін атап өтейік. Облыс әкімдігінің шақыртуымен келген делегация сапарының негізгі мақсаты – өңірге инвестиция тарту мәселесін қарау.

Инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Өткен айда Қызылордада «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы қолданысқа берілді. Терминалға «Болат Өтемұратов қорының» 16 млрд 600 млн теңге инвестициясы салынған. Ал инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, жол салуға, аумағын абаттандыруға, жарықтандыруға жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Жаңа нысан аз уақытта еліміздегі ең сәулетті, ұшып келушілер мен кетушілерге барлық жағдай жасалған, халықаралық талаптарға толық сай келетін әуежай деген баға алып үлгерді. Терминалдағы ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған, CIP залдары, жүкті автоматты беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуде.

«Қорқыт Ата әуежайының» кейінгі 9 айда жолаушылар мен жүк тасымалында жақсы нәтижелерге қол жеткізуі, жолаушылар, рейстер

санының артуы тұрақты өсімге және әуе тасымалының жоғары белсенділігіне негіз қалады.

Өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдар үлесінің 92 пайыздан асуы, газбен қамту көрсеткішінің 78 пайызға жуықтауы да инвесторларға қолайлы жағдай туғызары сөзсіз. «Қызылорда-Жезқазған» автожолының жаңғыртылуы, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру, Қызылорда қаласындағы жаңа автовокзалдан сапарға шығатын автобус маршруттары да өз кезегінде оң ықпал етеді.

Қылышын сүйретіп қыс келген сайын еліміздегі жылу-электр орталықтарының қандай жағдайда екені айқын көрінеді. Қызылордадағы жылу-электр орталығы да 60 жылдан бері жыл сайын қыруар қаржы салынып, күрделі жөндеу жасағанның арқасында ғана қалыпты жұмыс істеп тұр. Енді ескіні жамап-жасқаудан біржола құтылатын уақыт та жақындап қалды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен оңтүстік өңірлердегі энергетикалық қауіпсіздік мәселесін шешу үшін түркиялық «Aksa Energy» компаниясы Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысын қарқынды жүргізуде. Инвестор жылу орталығының құрылысына 127 млрд теңге инвестиция салды. Орталық келер жылдың қыркүйек айында ел игілігіне табысталады. Құрылыс барысы Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тікелей бақылауында. Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына бой көтерген ең ауқымды, теңдессіз жоба.

«Жасыл» энергия саласын дамыту бағытындағы екі жобаның, атап айтқанда, 50 мегаваттық жел-электр («Uranus wind» ЖШС) және 40 мегаваттық күн-электр станцияларының («Тесис» ЖШС) құрылысы қазан айында басталды.

Сонымен қатар, осы жылдың қараша айында Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан қуаттылығы жылына 90 млн дана кірпіш шығаратын заманауи зауыт құрылысы басталды. Жоба бастамашысы – «Қызылорда Саз-М» ЖШС. Жобаға мемлекеттік қолдау шарасы ретінде 7 гектар жер телімі табысталды. Оның аясында 5 млрд теңге игеру және 70 жаңа жұмыс орнын құру көзделген.

САПАРДАН СОҢҒЫ СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы Корея Республикасына жасаған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайта түскені мәлім. Әсіресе, өмірінің соңғы жылдарын Қызылордада өткізген генерал Хон Бом До сүйегінің тарихи отанына қайтарылуы Сыр өңірі мен Корея Республикасының өңірлері арасында екіжақты байланыстардың орнауына және дамуына зор серпін берді.

Ел Президентінің шетелден инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған облыс делегациясы өткен жылдың мамыр айында Корея Республикасының Сеул қаласына іссапармен барды. Өндіріс саласына шетелдік инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу, озық технологиялар әкелу және тәжірибе алмасу бағыттарында өзара ынтымақтастық орнатуды көздеген сапарда Шинхан университетінің, Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университетінің президентімен кездесу өтті.

Мемлекет басшысының білім сапасын арттыру үшін әлемдегі озық жоғары оқу орындарының филиалдарын елімізде ашу тапсырмасын орындауда Кореяның білім және ғылым, биотехнология, медицина, жасанды интеллект салаларындағы жетістігі назарға алынды. Қазақстан мен Оңтүстік Корея ынтымақтастығы аясында Қызылордадағы Қорқыт ата университетінің базасында Қазақстандағы тұңғыш жасанды интеллект институты ашылды. Болашақ бағдарламашылар, киберқауіпсіздік, информатика және ақпараттық жүйелер мамандары Сеул ұлттық ғылым және технология университеті әзірлеген бағдарламалар бойынша оқытылуда.

Сол сапарда Тэджон қаласының мэрімен, Чоллабук-до провинциясының губернаторымен кездесуде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпараттар ұсынылды, кореялықтар жобаларды қолдау ниетін білдірді.

Өткен жылы шілде айында Пекин қаласында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев бастаған қазақстандық делегация шетелдік инвестицияларды тарту және өзара сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында қытайлық компаниялармен екіжақты кездесулер өткізгені белгілі. Делегация құрамында Қытайға барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Gepetto» мұнай технологиялары корпорациясының басқарма төрағасы Цзэн Бинь мырзамен мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Облыс аумағындағы кеніштердің табиғи сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемін арттыруда компанияның инновациялық технологиялары мен оң тәжірибесін ескеріп, жергілікті компаниялармен бірлескен жұмыс жүргізуді ұсынды. Келіссөз нәтижесінде өңірдегі мұнай кен орындарының тиімділігін ұлғайту және өнімділігін арттыру бағытында химиялық реагенттер өндіру, арнайы мамандарды даярлайтын оқу бағдарламаларын құру және әлеуметтік жобалар бағытында бірлескен жұмыстарды жүзеге асыру мақұлданды.

«China Glass Holdings LTD» компаниясының президенті Лю Гуо мырзамен кездесуде шыны зауыты айналасында шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құру бағытындағы жұмыстар талқыланды. Қытайлық тараппен бірлесіп, қуаттылығы жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі жобасын іске асыру бойынша екіжақты меморандумға қол қойылды.

Үш жылдың көрсеткіштеріне қарасақ, облыста 30 млрд теңгенің 35 инвестициялық жобасы іске қосылды. Негізі жыл басында жоспарланған 517,5 млрд теңге меженің 478,3 млрд теңгесіне 10 айда қол жеткен.

Сол сапарда «Қытай сода өнеркәсібі қауымдастығы» президентімен, Нанкин қаласының бизнес қауымдастығы өкілдерімен, Цзянсу провинциясының губернаторымен кездесуде аймақ басшысы өңір экономикасының басым секторларындағы инвестициялық мүмкіндіктерді айтты.

Кейін «Gepetto» корпорациясының басшысы Қызылордаға келіп, облыс әкімімен суланған және сарқылған ұңғымаларда мұнай өндіру көлемін 20 пайызға дейін арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу мәселелерін талқылады. Компанияның аймақтағы қызметі, жоғары технологиялық әдістер арқылы «Оңтүстік Торғай» бассейнінің сарқылған кен орындарында мұнай өндіру көлемін ұлғайту мәселесі пысықталды.

Биыл шыны зауыты жанынан шетелдік инвестордың 15 млн АҚШ доллары қаржысына жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндіру жобасы іске қосылды. «Өндіріс» индустриялық аймағында шыны зауытының айналасынан ілеспе кәсіпорындар құру қолға алынды. Атап айтқанда, «Айна Гласс» серіктестігінің құны 1 млрд 500 млн теңге, жылдық қуаттылығы 720 мың шаршы метр айна өндіру жобасының құрылысы басталды. Сонымен қатар «Horn glass» неміс технологиясымен жылына 220 млн бөтелке өндіру, жылдық қуаттылығы 22 мың 600 шаршы метр шыңдалған шыны (стеклопакет) өндірісін кеңейту жобаларына тиісті жер телімі бөлініп, жобалау жұмыстары басталды.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ИНВЕСТОРЛАРҒА ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Инвестор шешім қабылдамас бұрын өз қаржысын салатын жобаға жергілікті жерден көрсетілетін қолдаулар мен жеңілдіктерді, жоба орналасатын аймақтың экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық жағдайын, инвестициялық ахуалын әбден зерделейтіні белгілі.

Қызылорда облысы инвесторларға қандай мүмкіндіктер ұсынады? Өңірде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру үшін облыс әкімдігі атқаратын жұмыстар туралы аз-кем айтайық.

Шетелдік делегацияларды шақыру, күтіп алу, таныстыру, құжаттарды заңдастырып, рұқсат беру құжаттарын алу, бизнес-жоспарларды әзірлеу және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау шараларын 6 институт атқарады.

Олар – «Kazakh Invest» ҰК» АҚ өңірлік өкілдігі, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы, «Қызылорда облысын дамыту орталығы» ЖШС, «Бизнеске арналған үкімет» және «Қызылорда индустриялық аймағы» ЖШС. Бұл институттар инвестициялық жобаларға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға өз құзыреті шегінде әртүрлі қолдау көрсетеді.

Өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдар үлесінің 92 пайыздан асуы, газбен қамту көрсеткішінің 78 пайызға жуықтауы да инвесторларға қолайлы жағдай туғызары сөзсіз. «Қызылорда-Жезқазған» автожолының жаңғыртылуы, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру, Қызылорда қаласындағы жаңа автовокзалдан сапарға шығатын автобус маршруттары да өз кезегінде оң ықпал етеді.

Мәселен, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ инвестициялық келісім-шарт жасасу кезінде қолдау білдіреді. Бұл құжат жер телімін заттай грант ретінде алуға, кедендік баждан босатуға, шикізат пен материалдарды импорттау кезінде 5 жылға дейін қосылған құн салығынан босатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер алуға жәрдемдеседі.

Ал «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ жеңіл өнеркәсіпте жабдық лизингіне және құрылыс-монтаждау жұмыстарына 3-10 жылға 3 пайыздық (50 млн теңгеден бастап), өндеу өнеркәсібіне бағытталған жобаларға 3-20 жылға 9 пайыздық (80 млн теңгеден бастап) қаржылай көмек көрсетеді.

«Kazakh Export» АҚ – шикізат емес экспортты дамыту жөніндегі ұлттық институт. Өз қызметі шеңберінде өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындарын және екінші деңгейлі банктерді сыртқы сауда операциялары кезінде төлем жасамау қатерінен сақтандырады, қорғаныс ұсынады және экспорттық циклдің барлық кезеңінде қауіпсіздікке кепілдік береді.

«QazTrade» АҚ экспорттаушылардың шетелдік көрмелерге қатысу, тауарды жарнамалау, филиалдар мен сауда қоймаларын ұстау, құжаттар рәсімдеу және өнімді жеткізу бойынша кеткен шығындарын өтейді. Жол шығындарын өтеуге өтінімдер тауар экспортталған соң 12 айдан кейін қабылданады. Өтемақы алудың шекті мөлшері 75 мың айлық есептік көрсеткіш деңгейінде белгіленген. Шығындар ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сәйкесінше 30%, 50% және 60% мөлшерінде өтеледі. Оның мөлшері экспортталған тауарға қарай 80%, 50% және 30%.

Инвесторларға жер учаскелері мемлекеттік қолдау ретінде заттай грант, сауда-саттықсыз (аукционсыз) алу тәсілдері арқылы табысталады. Жоба Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізіліп, сол арқылы өнеркәсіптік-инновациялық деп танылады. Индустриялық аймақтан жер алу үшін басқарушы компания өтініш берушінің құжаттар топтамасын Өңірлік үйлестіру кеңесінің қарауына ұсынады.

Облыста жаңа инвестициялық жобаларды орналастыруға арналған аумағы 300 гектардан асатын, инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген 6 индустриялық аймақ бар. Энергия ресурстары, облыстағы газ бағасы республикадағы ең төменгі тарифтің бірі екенін де атап өткен жөн.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы облыс экономикасының дамуына қолдау көрсету үшін инвестициялық жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларды іске асырады. Инвестор жобасына үлестік қаржыландыру активтерімен қатысып, мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде қаржы алуға көмек көрсетеді. Жобаның жарғылық капиталына әлеуетті әріптестен берілген өтінімге сәйкес активтермен де, қаражатпен де ене алады.

Инвестор тарту, өңірдің оң инвестициялық имиджін қалыптастыру үшін талдаулар жасалып, аймақтың экономикалық әлеуеті мен мүмкіндіктері, минералды-шикізаттық базасы туралы бірнеше тілдегі таныстырылым кітапшалары, әлеуеті жоғары 60 жобаның тизерлері әзірленді. Аталған жобалар агроөнеркәсіп, құрылыс, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, көлік-логистика және тау-металлургиялық кешенді қамтиды.

Инвестицияның игілігі ең алдымен, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсарғанынан, жұмыссыздық мәселесінің шешілгенінен, келешек ұрпақ қажетіне жарайтын ірі жобаның іске асқанынан көрінеді. Алыс-жақын шетелдермен байланыс орнатудың мақсаты – осы.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

ЖЕТІСТІК АЛДАҒЫ МІНДЕТТІ ЕСЕЛЕЙ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен облысымыз қарқынды құрылыс алаңына айналуда. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39 млрд 100 млн теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2 мың 500-ге жуық пәтер ел игілігіне айналады. Осы жылы жаңадан 3 мектеп, 5 мектептің жанынан қосымша құрылыс пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 10 мектеп салу жоспарланып, оның алғашқысы ретінде облыс орталығынан 900 оқушыға арналған мектеп ашылды. Қазір 9 мектептің құрылысы жалғасуда. Жыл соңына дейін 4-і іске қосылмақ. Қалғаны алдағы жылы аяқталады. Жақын арада дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты табысталады. Биыл заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» балаларға тарту етілді. Демеушілік есебінен салынып жатқан жаңа музыкалық колледж алдағы мамыр айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Биыл 13 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтті. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 27 нысан салу жоспарланған. Былтыр 16 жаңа дәрігерлік амбулатория іске қосылса, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі. Жақында облыстық «Қан орталығы» ел игілігіне айналды. Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы, онкологиялық бөлімшесі бар көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта Қызылорда қаласында заманауи перинаталдық орталықтың іргетасы қаланады.

Бұдан бөлек, облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық Орталық стадион салынуда. Сондай-ақ жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтереді. Жақын арада Қызылорда қаласында «Қызылорда-арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады. Биыл үстел теннисі орталығы ел игілігіне айналды.

Сыр өңірінде демеушілердің қолдауымен кейінгі екі жылда 50 млрд теңгенің жобалары жүзеге асуда. Орталық алаң жаңғыртудан өтсе, аудандарда, ауылдарда демеушілік есебінен аллеялар мен парктер бой көтерді. Сыр өңірінде жарияланған «Руханият жылы» аясында түрлі әлеуметтік нысандар салынып, ауқымды шаралар атқарылды. Нәтижесінде «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды «Өнер орталығы» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзив театры, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды.

Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдерінің «Жыраулар үйі» ашылды. Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, мұрағат, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынуда. Жаңадан бой көтерген облыстық тарихи-өлкетану музейі алдағы жылы наурыз айында пайдалануға беріледі. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынуда. Елордамыз – Астана, мәдени орталық – Алматы қалаларында өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Бұл үрдіс келесі жылы республиканың өзге өңірлерінде жалғасады. Мәдениет ұжымдарына биыл алғаш рет жаңадан көпқабатты тұрғын үй салып, 40 жаңа қызметтік пәтер табыстаймыз. Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бастап «Тұран» сыйлығы дәстүрлі түрде жыл сайын берілуде.

– Облыстың даму жоспарына өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру, азаматтардың әл-ауқатын өсіру және өңірдің қауіпсіздігін нығайту мақсатында 27 түйінді ұлттық индикаторлар енгізілуде. Президент, Үкіметтің ерекше қолдауының нәтижесінде облыс бюджеті 750 млрд теңгеге жетті. Осыдан екі жарым жыл бұрын аймақ бюджеті 364 млрд теңге болатын. Өсім 206 пайызды құрады. Қазақстан Республикасының бюджет кодексіне сәйкес «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешім жобасы әзірленді. Облыстық бюджеттің басым бағыты халықтың өмірі мен әл-ауқатын одан әрі арттыруға бағытталған. Әлеуметтік жаңғыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға негізделген бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталды, – деп атап өтті облыс әкімі.

2025 жылға арналған облыстық бюджет жобасындағы әлеуметтік саланың үлесі 391,2 млрд теңгені құрайды. Бұл – шығындар көлемінің 70 пайызы.

Кейінгі 2 жылдың ішінде облыс бюджетіндегі даму бюджетінің үлесін 3,6 есеге дейін ұлғайтуға қол жеткізілді. Алдағы жылы аймағымызда инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, жылумен, сумен, газбен жабдықтауға, жолдар салуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру жалғасады.

Мемлекет басшысының халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында алдағы жылы 5 елді мекенді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін 1,2 млрд теңге бағытталуда. Ал 7 елді мекенді газбен жабдықтауға 5,7 млрд теңге қаралуда. 2025 жылы Қызылорда қаласына қарасты «Сабалақ» саяжайы, Сырдария ауданының «Ақжарма» ауылын газдандыру жұмысын бастау жоспары бар.

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Үкіметке ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған жылу орталықтарын жөндеу, инженерлік жүйелерді жаңғырту керектігі айтылды. Осы тапсырма аясында 6 магистральдық және квартал-аралық жылу желілерін қайта жаңғырту жоспарлануда. Тұрғындардың жайлы ортада өмір сүріп, демалысына қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірдің барлық аудан орталықтары мен Қызылорда қаласында мәдени-көпшілік демалыс орындарын, парктер мен саябақтарды қайта жаңғыртудан өткізетін боламыз. Оның ішінде қалалық демалыс паркін қайта жаңартуға 6,3 млрд теңге бағытталуда. Жоба бойынша жаңа аттракциондар, ойын алаңдарын салу, субұрқақтарды көбейту ойластырылған. Сумен, электрмен, жылумен жабдықтау, инженерлік инфрақұрылымды жүргізу бойынша жобаларды қаржыландыруға 8,5 млрд теңге жоспарлануда. Биыл облыстағы жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады. Бұл жұмыстар жалғасып, бюджеттен 15,5 млрд теңге қаралуда. Облыстық бюджеттің көлемі республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді қоспағанда 558,5 млрд теңгеге ұсынылуда. Алдағы күндері Үкімет қаулысы негізінде республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттердің көлемі айқындалады. Қаулы негізінде облысымызға қосымша 60-70 млрд теңге қаржы келуі күтілуде. Бұдан бөлек, қала, аудандардың бюджеттері бекітіледі. Сол арқылы келесі жылдың бюджетін 630 млрд теңгеге жуық қаржымен бастайтын боламыз. Биылғы жылдың бюджеті 605 млрд теңге көлемінде бекітілген еді. Жыл көлемінде ұлғайып, жоғарыда атап өткенімдей 750 млрд теңгеге жетті. Алдағы жылы да нақтыланған бюджетті ұлғайтуға жұмыс жасаймыз, – деп сөзін түйіндеді облыс басшысы.

Сессияның күн тәртібінде қаралған өзге де мәселелер бойынша тиісті басқарма басшылары мәлімдеме жасап, тиісті шешімдер қабылданды.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖҮРЕКТІ ЖҮРЕКТІЛЕР ЕМДЕЙДІ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы көпбейінді облыстық ауруханада «Жүрек-қантамыр ауруларын диагностикалау, емдеудегі инновациялық әдістер» атты ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды. Конференция ауруханаға қарасты кардиоорталықтың 15 жылдығына арналды.

Іс-шара барысында басқарма басшысының орынбасары Жаңыл Исаева мемлекет қолдауының арқасында облыс медицинасы алға басып келе жатқанын айта келе, алда одан да ауқымды жұмыстар күтіп тұрғанын жеткізді. Сондай-ақ білікті кардиохирург Берік Дәуітбаев бастаған ұжымды, елеулі еңбегімен көзге түскен қызметкерлерді Денсаулық сақтау министрінің, Парламент Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің, облыс әкімі мен басқарма басшысының Алғыс хаттарымен марапаттады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрғанбай Маханов өзі басқарған орталықты құру оңай болмағанын, нәтижеге қол жеткізу үлкен күш-жігерді талап еткенін атап өтті. Кардиологиялық орталық құрылған алғашқы жылдары операцияларды тек сырттан келген мамандар жасап жүрді. 2011 жылдан кейін ғана оқып-үйренген жергілікті дәрігерлер қолға алды. Бүгінде мұнда жыл сайын 4 мыңнан астам пациент стационарлық ем алады. 3 мыңға жуық коронарография жасалады, оның мыңнан астамы бойынша коронарлық артерияларға стенттер имплантацияланады. 400-ге жуық пациентке күрделілігіне қарай жүрек-қантамыр жүйесіне, оның ішінде ашық жүрекке әртүрлі операциялар жасалады. Ақ халаттылар еліміздің, алыс-жақын шет елдердің жетекші орындарында үнемі біліктілігін жетілдіріп отырады. 15 жыл ішінде 55 мыңнан астам науқас емделіп, жүректің ишемиялық ауруы, жүре пайда болған және туа біткен жүрек ақаулары бар 2,5 мыңнан астам науқасқа операция жасалды. Ардагер осы уақыт ішінде талай жүрекке дем беріп, талай жанға үміт сыйлаған ізбасарларына жылы лебізін жеткізді.

Ғылыми-тәжірибелік конференция Қазақстан Республикасында қанайналымы жүйесі аурулары кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде мамандардың біліктілігін арттыру және әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталды.

Одан бөлек, ауруханада науқастарға арналған «Ашық есік күні» өтті. Облыс тұрғындары осы күні ауруханың кеңес беру-диагностикалық бөлімінде Астана қаласының UMC жүрек орталығының кардиолог дәрігері Әсем Бауыржанқызы, «Кардиология-1» бөлімінің меңгерушісі, облыстың штаттан тыс бас кардиологы Гүлназ Темірбекова, қан-тамыр хирургі Мұқағали Мақатаев, кардиохирург Жеңісбек Сейдахметов, кардиолог Ғалымжан Қоразов қабылдау жүргізді. Қырыққа жуық науқас жүрегін ультрадыбыстық зерттеуден өткізіп, мамандардан кеңес алды.

«СБ» ақпарат

ТЫНЫС

КӘСІБІ ӨРКЕНДЕГЕН АУЫЛ

Қала іргесіндегі «Ақсуат» ауылдық округінің тіршілігі мығым, шаруасы жанданған. Кейінгі кезде мұнда кәсіпкерлік өркен жайған. Мал басы көбейген. Тұрғындар кәсіптің сан түрін меңгеріп, жемісін көруде. Мұнда кәсіппен айналысамын дегенге қолдау көп. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігі мол. Сол мүмкіндікті ауыл тұрғындары іске асыруда. Ауылда 4 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі мен 56 шаруа қожалығы, 120 жеке кәсіпкер бар. Кәсіпкерлік бағыттағы ауқымды жұмыстар жөнінде ауыл әкімі Нұрболат Бақытов кеңінен айтып берді.

– Ауылдың әлеуеті жылдан-жылға артып келеді. Кәсіпкерлікке бет бұрған жандар ісін дөңгелентіп отыр. Мал басы еселеніп, астық та молынан жиналды. Мал басы 7965-ке жетті. Бұл көрсеткіш өткен жылдармен салыстырғанда артқан. Биыл бір шаруа қожалығы 120 гектар жерге күріш егіп, мол өнім алды. 2020 жылы «КазАгроМир» ЖШС жылыжай кешенін салып, табысты еңбек етіп келеді. Өз қаражаты есебінен кәсіпкер Б.Нұрмағанбетов шағын жылыжай салып, жемісін көруде. Ол «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымынан» қаржы алып, жылыжайын кеңейтті. Былтыр «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер А.Өксікбаев та жылыжай кәсібін бастады. Бүгінде ауылда 4 жылыжай жұмыс істеп тұр. Тұрғындар жергілікті өнімді тұтынуда.

Өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Нұржігіт-2009» шаруашылығы асылтұқымды мал басын көбейтуді қолға алды. Бүгінде ірі қара төлдеп, асылдандыру бағытындағы жұмысы жүйеленіп келеді. Сонымен бірге «Айзере» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің егін шаруашылығына қажетті құрал-жабдықтарын сатып алу жобасы қолдау тапты. Нәтижесінде заманауи трактор, соқа, дән, тыңайтқыш сепкіш құралдарына қол жеткізді,–дейді ол.

Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған қолдауының арқасында ауылдық округте 602 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 142-сі биыл ашылған. Ауыл әкімінің айтуынша, 204,9 млн теңгенің 39 жобасы қолдау тапқан. Соның ішінде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында «Бастау Бизнес» курсын 24 адам оқып сертификатын иемденген. Қайтарымсыз грантпен 38,4 млн теңгенің 26 жобасы қаржыландырылған. «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде 3 жоба қолдау тауып, 4 жоба бойынша өтінім берілген.

Сонымен қатар, «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы 219 млн теңгенің 3 жобасы ұсынылып, 45 млн теңгенің 2 жобасы қолдау тапқан.

Өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында 44 жоба қаржыландырылды. Соның ішінде, «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-на 59,7 млн теңгені құрайтын 6 жоба ұсынылып, қаржыландырылды.

Ауылда кәсіп ашып, шаруасын жүргізіп отырған қыз-келіншектердің де саны артуда. Олар тігін, наубайхана, мал шаруашылығы сынды кәсібін бастап кетті. Мәселен, Ләззат Сейітова жақында наубайхана ашты. Кәсіпкер бұған дейін де бұл істі жандандырған.

– Бұрын Тасбөгеттен наубайхана аштық. Жергілікті халықты нан өнімімен қамтыдық. Он бес жылдай нан пісірдім. Кейін «Ақсуатқа» көшіп келдік. Ол кезде «көгілдір отын» келмеген. Былтыр газ келген соң наубайхананы қайта аштым, 2,5 пайызбен несие алдым. Қардырды. Кәсіпкердің бастамасы жаман емес. Жоба наурыз айынан іске қосылып, күніне 200-300 дана шұлық өнімдерін шығаруда. Қала, ауыл тұрғындарына өнімдерін қолжетімді бағада саудалап келеді. Қызылорда қаласындағы «Сұлтан» сауда үйі жанынан дүңгіршек ашып, шұлықты 150-400 теңге аралығында сатуда. Енді жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы екі станок сатып алмақшы. Ол бизнес бастауға мүмкіндік берген жобадан қолдау тапты. Кәсіп ашу үшін біраз ізденіпті. Ақыры осы өндірісті қолға алды. Мемлекеттік бағдарламаның жемісін көрді. Жеңілдетілген несие алып, биыл цех іске қосылған. Қажетті құрылғы мен шикізатты Қытайдан алдырған. Шетелден маман алдырып, тәжірибе алмасыпты.

– Алдырған құрылғыларды пайдалану үшін Ташкенттен маман шақырттық. Балам техника тілін меңгерді. Бұл – отбасылық кәсіп. Цехта екі адам жұмыс істеуде. Шұлықтар таза мақтадан тігіледі, сапасы жақсы. Бағасы да қалтаға қонымды. Әзірге жергілікті сұранысты қамтып отырмыз. Алда жоспар көп. Кәсіпті кеңейту үшін әлі де еңбектеніп жатырмыз, – дейді ол.

Нұрғазы Сүлейменов аумағы 300 шаршы метр болатын жылыжай салып, алғашқы өнімін алды. Жеке кәсіпкер несиеге алған қаржыға жылыжай жиынтығын сатып алып, шаруасын бастап кеткен болатын. Енді несиесін жауып, «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы ісін кеңейтпек. Ол алдағы уақытта қияр, қызанақтың маринадтталған түрін де шығармақ. Ал Алмаз Өксікбаевтің жылыжайында қияр пісті. Қызылорда қаласының «Мансап» орталығы арқылы 3 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жеке кәсіпкер Алтынкүл Дүйсенғазиева 50 жасында екінші мамандығын игерді. Ол тігіншілікті оқып, сертификат алды. Курстарға қатысып, білімін жетілдірді. Шағын бір бөлмесін жұмыс орнына айналдырып, кәсібін жандандырып отыр. Көрпе тігетін, мақта және жүн түтетін құрал-жабдықтар сатып алу жобасы қолдау тапты. Мемлекеттік бағдарламаға қатысып, жеңілдетілген несие, қаражатқа тігін машиналарын сатып алды. Айына 10-12 көрпе тігіп, саудаға шығаруда. Көрпе тігумен қатар, ескі мақтаны тазартып, түтіп қайта жаңалайды. Енді қой және түйе жүнінен көрпе тігуді қолға алмақ.

– Мамандығым музыка пәнінің мұғалімі. Ерекше күтімдегі балам болғандықтан жұмыстан шықтым. Осы кезде үйден жұмыс істеудің жолдарын қарастыра бастадым. Бұрын тігіншілікке қызығатын едім. Бірақ ине ұстап көрмедім. Бір шешімге келіп, курс оқыдым. Бірінші алты ай білім алдым, кейін тағы да үш ай оқыдым. Алдымен құрақ көрпешелер құрадым. Кейін бағдарламаға қатысып, 2,5 пайызбен 3 миллион теңге несие алып, керекті құрал-жабдықты түгендедім. Қазір тапсырыс ауылдардан да, қаладан да түседі. Күннен-күнге тапсырыс аясы кеңеюде. Сол себепті енді 300-ден аса оюөрнегі бар станокты алмақпын. Матрас тігетін құрылғы алу да жоспарда бар. Бұдан бөлек екі тігінші жұмысқа аламын, –дейді ол.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында жеке кәсіпкер Г.Құрмантаеваның шағын өнеркәсіптік сауда кешені құрылысын салу жобасын қаржыландыру мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда. Жоба қолдау тапқан жағдайда, сауда кешенінде ет, сүт өнімдері павильондары орналастырылады. Одан бөлек, жеке кәсіпкер С.Аралбаеваның шұлық, жеке кәсіпкер Л.Сейітованың нан өнімдерін және тағы да басқа өнімдерді орналастыру жоспарлануда.

«Ауыл аманаты» жобасының өндіріске өріс ашатынын білген жұрт оның игілігін көруде. Ол негізінен шағын цех, жылыжай өндірісі, омарта, мал және құс шаруашылығы секілді жеке қосалқы шаруашылықтардың өндірістік жобаларын дамытуға бағытталған

Міне, бұл ауылдағы атқарылып жатқан жемісті еңбек. «Ақсуат» «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін», «Өркенді ауыл», «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталған.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ЫНТЫМАҚ

БІРЛЕСТІКТІҢ БІР БЕЛЕСІ

«Өнер орталығында» Сыр өңіріндегі Корей этномәдени бірлестігінің 35 жылдығы аталып өтті.

Салтанатты шараға Корея елінен келген делегация, республикалық академиялық корей музыкалық комедия театры, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, ардагерлері, белсенді мүшелері, қала тұрғындары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Лэд экраннан өңірдегі корей орталығының құрылуы мен даму тарихы, екі ел арасындағы ынтымақтастық жайлы бейнеролик көрсетілді.

Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қоғамдағы татулық пен бейбітшілікті ту етіп ұстаған корейлер қауымдастығының ел бірлігі жолындағы атқарған жұмыстары айрықша екенін атап өтіп, 35 жылдық мерекесімен құттықтап, ҚХА төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов пен облыс әкімі, облыстық ҚХА төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау хатын «Қазақстан корейлер қауымдастығы» Қызылорда облыстық қоғамдық бірлестігіне табыстады.

Оңтүстік Корея тарих және мәдениет орталығының президенті Пак Ёнтэк және Астанадағы Корея Республикасы елшілігінің Корей мәдени орталығының директоры Ку Бон Чхоль бірлестікті атаулы датамен құттықтап, корей орталығы мен Корей музыкалық комедия театрына сертификат табыстады. Республикалық «Корё ильбо» газетінің бас редакторы Константин Ким қазақ еліне корей этностарының депортацияланған сәтінен бастап олардың бірліктің арқасында жеткен тарихи белестеріне тоқталып өтті.

Өңіріміздің дамуы мен өркендеуіне ерекше үлес қосқан корей этносы өкілдеріне Қазақстан Корейлер қауымдастығының 35 жылдық медалі және Алғыс хаты табысталды.

Салтанатты шара республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрының мерекелік концертіне ұласты.

«СБ» ақпарат

ХАЛЫҚ ПЕЙІЛІМЕН ҚАНАТТАНҒАН АҚЫН

«Төрлет, еңбек адамы!» тақырыбымен Астана жұртының алдында екі күн бойы сөз аламанын созған жүйріктер арасында қара оздырмаған жерлесіміз Мейірбек Сұлтанхан «Алтын домбыра» жүлдесін жеңіп алып, оған қоса темір тұлпар тізгініне ие болды.

Ақжолтай хабар жетісімен облыс әкімі Н.Нәлібаев «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы халыққа құтты болсын айтып, жеңімпаз ақынды құттықтады. Аймақ басшысының бұл ізгі тілегінде былай делінген:

«Айтыстың ақтаңгері Мұхтар Ниязовтан кейін «Алтын домбыраны» иеленген Мейірбек жыр еліндегі сабақтастықтың үзілмегенін тағы бір дәлелдеді. Нартайдың мақамын әуелетіп, атадан балаға мұра болған өнердің өміршеңдігін көрсетті. Еңбек тақырыбын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұсынған «Адал еңбек – адал табыс – адал адам» қағидатын жырлады.

Сыр бойында туып, Сарыарқаны құтты қоныс қылған Мейірбек үлкен айтыста азулы ақындарға алдырмас қарсылас болып, көрерменді асыл сөздің нәрімен сусындатты. Табан астынан тауып айтатыны, салмақты ойы үйлесім тауып, оны биікке көтерді.

1-бет.

Барша жұртшылықты Сыр перзентінің қанжығасына «Алтын домбыранын» байлануымен құттықтаймын. Мейірбекке айтыстағы жетістігің құтты болсын, ел алдында айтар сөзің сарқылмасын деймін.

«Сыр елі – жыр елінің» өнер керуенін алға апарар ақтаңгерлері аман болсын!»

Осы алғаусыз ниетке баршамыз қосыламыз.

Мейірбек Сұлтанхан дәстүрлі сыйлықты қолына ұстап тұрып, суырыпсалмалықпен сахнада былай деп шумақ өрді:

«Сыр Алаштың анасы
болған кезде,
Мен де жүрмін халықтың
баласы боп.
Ағайын, ықыласыңа мың рақмет,
Кеп тұрмын аламанның
дарасы боп.
Алтынның қайткенмен де
құны бар ғой,
Халықтың пейілінің бағасы жоқ».

Осы ұстанымды көкірекке түйген жас өзі айтыста танылған жиырма жылға уақыттан бері үнемі бас жүлде, бірінші орын жүлделерін олжалап келе жатқан сөз шебері.

Шиелі ауданының тумасы 1993 жылы өмірге келген.

2006 жылы Ел Тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған Жалағаш ауданында өткен «Тәуелсіз елім – өз елім» атты облыстық ақындар айтысының I орын және Қызылорда қаласында Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаевтың 110 жылдық мерейтойына арналған «Сыр қыраны» атты облыстық ақындар айтысының бас жүлдегері. Ақмола облысы Аққөл ауданының 80 жылдық мерейтойына байланысты өткен республикалық айтыста бас жүлде, Талдықорған қаласында өткен «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысында бас жүлде (2009), Астанада қала күніне орай өткен дәстүрлі республикалық ақындар айтысында бас жүлде, Көкбай Жанатайұлы және Ақылбай Абайұлының 150 жылдығы, абыз ақын Шәкір Әбеновтің 110 жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыстарда I орын иеленген.

Осы деректердің өзі оның бұл мәртебелі сыйлыққа лайық екенін танытады.

Қазақ айтысының тағы бір жүлдызы жанды, ағайын. Құтты болсын, баршаңызға.

Мерейің өсе берсін, Мейірбек ақын!

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

КӨРМЕ

ҚАЙТАЛАНБАС ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы, облыстық кәсіпкерлер палатасы мен Қолөнершілер одағы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Ұлттық өнердің түнгі сыры» атты қолөнер шеберлерінің көрмесі өтті.

Көрмеге кәсіби және әуесқой қолөнер шеберлері қатысты. Басты мақсат – қолөнершілердің басын қосып, туындыларын көпшілікке таныстыру, сол арқылы тарихымызды, салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттау.

Көрмеге 20-дан астам шебер қатысып, 100-ге жуық туынды көпшілік назарына ұсынылды. Онда ағаштан жасалған бұйымдар, кестелеп тігілген ұлттық киімдер, этносөмкелер, өрнектеп безендірілген заттар болды. Сондай-ақ ұлттық нақыштағы киімдер мен зергерлік заттардың бірнеше нұсқасы қойылды.

Ашылу салтанатында облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Әлиаскарұлы, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Айтбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, сәттілік тіледі.

– Бұл көрме әдет-ғұрыпты ашып көрсетуге, туындыларды көпшілікке таныстыруға бағытталған. Сыр өңірі – көне дәуір көзі, мәңгі өшпес те өлмес мұралардың қазыналы мекені. Сан ғасырлық мұралар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Ұлттық қолөнер шеберлерін талант иелері деп айтуға толық негіз бар. Бүгінде олардың қолынан шыққан қайталанбас туындылары көне жәдігер болып музей қорында сақтаулы, есімдері тарих беттерінде жазулы. Жалпы өңірімізде 50-ге жуық қолөнер шебері бар. Бұл мақсаттағы көрме жалғасын табады, – деді музей директоры.

Көрме-жәрмеңкеде ағаш шебері Б.Ділманов домбыра жасау, Қ.Ілиясова құрақ құрау, А.Әлайдарова киізден пано жасау үлгісін, М.Әлжанова кілем тоқу өнері бойынша шеберлік сағатын ұйымдастырды. Өзара тәжірибе алмасып, біліктілік арттырды.

Көрмеге қатысушылардың бірі – қолөнер шебері Марияш Әлжанова. Айтуынша, бұл іспен бала кезден айналысып келеді.

– Сырдария ауданы «Айдарлы» ауылынан келдім. Киізден жасалған бұйымдар жаныма жақын. Қазір қой жүнін пайдаға жаратудан қалдық. Түптеп келгенде адам денсаулығына жүннен жасалған бұйымдардың пайдасы орасан. Осыны жастардың санасына сіңіріп, үйрету керек. Мәселен, киіз шаң-тозаңды өзіне тартып, ауаны тазалап тұрады. Бұл буын, өкпе ауруларының алдын алатыны, денсаулыққа пайдалы екені ғылыми дәлелденіп отыр. Астана қаласында Көшпенділер ойындары кезінде өткен жәрмеңкеге қатысып қайттым. Сонда байқағаным, жүннен жасалған өнімге сұраныс жоғары. Қолөнер – өміршең өнер түрі. Осыны дамыта түсуіміз керек, – дейді ол.

Сыр елінің мәдени мұрасы мен асыл қазынасын паш еткен көрме келушілердің қызығушылығын тудырды.

Қорытындысында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов қолөнер шеберлеріне арнайы Алғыс хат табыстады. Сонымен қатар, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Айтбайұлы алты үздік қолөнер шеберін марапаттады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

МЕРЕЙ

ЖЫР ТӨГІЛГЕН КЕШ

Қызылордада «Жыраулар үйінде» Арал аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен кезінде сұлу саздың сұлтаны атанған жырау Дәріқұл Өмірқұлұлының 120 жылдығына және оның ізбасары дарабоз жырау Ғанибек Өмірзақовтың 50 жасқа толуына орай шығармашылық кеш өтті.

Ғанибек жыр шашуын Нұртуған Кенжеғұлұлының «Жыр бастауымен» бастап, мұнан соң Дәріқұл Өмірқұлұлының «Ел-Отаным», Қарасақал Ерімбеттің «Өшпес», Нұртуғанның «Асыл ер асырайды жүйрік тазы» атты жырларды төгілте орындады.

Шығармашылық кешке еліміздің өзге де аймақтарынан жыраулар келіп, өз өнерлерін көрсетті. Айнұр Сүйеуова, Бексұлтан Орынбасаров, Зәуре Ізекешова, Абылайхан Бектасов сынды жыраулар көрермендерді тәнті етті. Сондай-ақ Ғанибек Өмірзақовтың шәкірттері Заманадин Сымбат, Гүлназира Садықова, Әлішер Ғабидуллаұлы, Айнұр Ерниязова, Үкітай Ерниязовтар кештің әрін келтірді.

Жыр кешіне қоғам қайраткері Б.Қаюпов, А.Көшербаев, И.Әбибуллаев бастаған зиялы қауым өкілдері қатысып, дарабоз жырауға өздерінің жүрек жарды лебіздерін жеткізді. Облыстық мәслихат төрағасы М.Тілеуімбетов облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады. Қоғам қайраткері Н.Мұсабаев Үкітай Ерниязовқа республикалық «Жалаңтөс баһадүр қоры» тарапынан «Алтын төсбелгісімен», Марат Сүгірбаевты осы қордың Құрмет грамотасымен марапаттады. Ал облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев Алғыс хат табыстады.

Кеш иесі Ғ.Өмірзақов көрсетілген құрметке алғыс білдірсе, 84 жасқа келген анасы ақ батасын берді.

Еркін ӘБІЛ,
журналист

ҚҰҚЫҚ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Жемқорлықпен күрес тек құзырлы органдардың міндеті деген қателік болар. Қоғамда оның орын алмауына кез келген адамның үлес қосуына мүмкіндік бар.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы кез келген шараға бейжай қарауға болмайды. Өйткені біз оған қарсы шараларды ұйымдастыру арқылы қоғамның иммунитетін қалыптастыруға қол жеткіземіз. «Жаңадария» ауылдық округі әкімдігінде де әкімдік қызметкерлерінің қатысуымен жемқорлыққа қарсы шаралар ұйымдастырылып тұрады. Өйткені, әсіресе елге қызмет ететін азаматтар одан ада болуы керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң нәтижесін беріп келеді.

Мұнда жемқорлыққа қарсы қоғамдық қатынастарды реттеу, құқықбұзушылықтардың алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сынды басымдықтар нақты көрсетілген.

Осының аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттеріне байланысты іс-шаралар жиі өткізіліп келеді.

Біз дамыған елдер қатарына жетуіміз үшін бірінші кезекте оған қарсы шараларды күшейткеніміз абзал. Жемқорлықтың жолы кесілмей нақты һәм ортақ мақсатқа қол жеткізу оңай емес. Осыны терең бағамдап, болашағымыз үшін әрбіріміз жауапты болуымыз керек деп ойлаймын.

Дастан АЛТЫБАЕВ,
«Жаңадария» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

«БАЛДЫРҒАНДАҒЫ» БАСТАМА

Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылындағы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасында «Ұлттық құндылықтар негізінде балаларды еңбекке баулу» жобасы қолға алынды.

Балаларға ұлттық құндылықтар туралы мағлұматтар беріп, рухани, адамгершілік қасиеттерін дамытып, еңбекке баулуды көздейтін жобаның жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше. Ұлтымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің қалпын сақтайтын, өткенін сыйлайтын, құрмет тұтатын, еңбекке бейім бала балабақшада қалыптасады. Сондықтан жас өскіннің өсіп, өркен жаюына осындай жобалар керек.

Сырдария аудандық білім бөлімінің маманы Ләззат Мығымбаева жаңа бастаманы қолға алған балабақша ұжымына сәттілік тілеп, «Сыр жұлдызы» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Гүлден Сапарбекова лента қию рәсімін жасады. Әдіскер Ләйла Ахметова жобаны таныстырды.

Тәрбиешілер Гүлзира Алматова, Ақжан Байниязова, Ұлмекен Қайбылдаева ұлттық аспаптар мен ұлттық билерді насихаттай отырып, шағын музыкалық бағдарлама көрсетті, «Ұлттық әшекейлер: «Білезік», «Киіз үйді құрастыру» тақырыптарында оқу іс-әрекетін өтті. Бүлдіршіндер ойын түріндегі сабаққа белсене қатысып, көріністер қойды.

Балабақша меңгерушісі Мирамкүл Мыңжасарова іс-шараны қорытындылап, қонақтарға алғысын айтты.

Жас ұрпақты елжанды, ұлтын ұлықтайтын азамат етіп тәрбиелеуде ана тілінің нәрімен сусындату, салт-дәстүрдің озық үлгілерін үйрету өте маңызды. Құндылықтарды балабақшадан бастап, мектепте, барлық оқу орындарында насихаттағанда саналы, тәрбиелі, білімді жастардың қатары арта түспек.

«СБ» ақпарат

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру

Тегін есту диагностикасы. Есту аппараттары. Қабылдауды Астана қаласының маманы жүргізеді. 17-18-19 желтоқсан аралығында тек 3 күн. Дыбыстардың жаңа әлемін ашу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз! **Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бұхарбай батыр көшесі, 58. Байланыс тел.: 8 771 085 00 58.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22979 | Тапсырыс №1935 | Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ**